

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже		Редакциясы: 1 20 беттің 1 беті

БЕКІТІЛДІ
 Басқарма
 Төрағасы -Ректордың
 27.02.2024 ж.
 №128 бұйрығы

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже

Қолдану мерзімі «27» ақпан 2024 ж. бастап «24» ақпан 2027 ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі ☐ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: №07-02-06-52 ректордың бұйрығы «27» қаңтар 2024 ж.	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № ЦПМСПД/40.24 Экземпляр № Көшірме №

Алматы – 2024 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1
			20 беттің 2 беті

Келісу және қол қою парағы

ТАӘ	Әрекет түрі	Келісу немесе қол қою уақыты мен күні	Ескертулер	ЭЦҚ бойынша деректер
Кодасбаев Алмат Турысбекович	Келісілді	16.02.2024, 16:26:37	Ескертулер жоқ	
Унербаева Сауле Адилжановна	Келісілді	19.02.2024, 08:40:02	Ескертулер жоқ	
Әліби Ержан Қоштайұлы	Келісілді	16.02.2024, 16:29:14	Ескертулер жоқ	
Абдыкерова Меруерт Турдакыновна	Келісілді	16.02.2024, 16:23:12	Ескертулер жоқ	
Султангазиева Светлана Елеусизовна	Келісілді	16.02.2024, 16:29:41	Ескертулер жоқ	
Калматаева Жанна Амантаевна	Келісілді	19.02.2024, 09:15:56	Ескертулер жоқ	
Давлетов Кайрат Киргизбаевич	Келісілді	16.02.2024, 16:55:43	Ескертулер жоқ	
Датхаев Убайдилла Махамбетович	Келісілді	16.02.2024, 16:52:14	Ескертулер жоқ	
Лахов Сергей Владимирович	Келісілді	19.02.2024, 12:01:19	Ескертулер жоқ	
Искаков Серикжан Сагимжанович	Келісілді	18.02.2024, 10:21:11	Ескертулер жоқ	
Әнуар Әскербек Әбдірахманұлы	Келісілді	16.02.2024, 16:59:35	Ескертулер жоқ	
Кубеева Жанар Умирбековна	Келісілді	16.02.2024, 16:59:06	Ескертулер жоқ	
Нұрахметұлы Ильмурат	Келісілді	19.02.2024, 18:30:44	Ескертулер жоқ	
Ахмет Абай Нұржанұлы	Келісілді	19.02.2024, 11:51:58	Ескертулер жоқ	
Жангирбаев Марат Турсынханович	Келісілді	16.02.2024, 17:15:13	Ескертулер жоқ	
Нагасбекова Баян Сериккановна	Келісілді	20.02.2024, 09:23:59	Ескертулер жоқ	
Сатаев Адлет Омарханович	Келісілді	19.02.2024, 18:28:58	Ескертулер жоқ	
Валиева Райымгул Идеятовна	Келісілді	19.02.2024, 18:39:32	Ескертулер жоқ	
Манабаева Сауле Кабдешевна	Келісілді	19.02.2024, 18:32:11	Ескертулер жоқ	
Бахтияров Бауыржан Серікұлы	Келісілді	20.02.2024, 15:08:33	Ескертулер жоқ	
Султангазиева С.Е. (и.о. Шоранов М.Е.)	Қол қойылды	20.02.2024, 16:38:28	Ескертулер жоқ	Издатель ЭЦП -ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), СУЛТАНГАЗИЕВА СВЕТЛАНА, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, BIN181240006407
Ердаулетқызы Лаззат	Тіркелген	20.02.2024, 17:14:58	Ескертулер жоқ	Издатель ЭЦП -ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ЕРДАУЛЕТҚЫЗЫ ЛАЗЗАТ, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, BIN181240006407

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 3 беті	

Мазмұны

1. Жалпы ереже	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	5
4. Ұйымдастырушылық құрылымы	5
5. Мақсаттары мен міндеттері	6
6. Функциялары	7
7. Құқығы және өкілеттігі	8
8. Жауапкершілігі	8
9. Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттестігі	9
10. Жұмыс комиссиясы	10
11. Ақылы медициналық қызметтер	10
12. Сараланған (дифференциалды) қосымша ақы	12
13. Қорытынды ережелер	14
14. Ұйымдастырушылық құрылым – блок-схемасы	15
Қосымшалар	16
15. Өзгерістерді тіркеу парағы	19
16. Танысу парағы	20

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 4 беті	

1. Жалпы ереже

1.1. Осы құжат «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығының (бұдан әрі мәтін бойынша «МСАҚДО» деп аталады) мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқығы мен өкілеттігін белгілейтін және қызметін ұйымдастыруды реттейтін «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ (әрі қарай мәтін бойынша «Университет») лауазымдық тұлғаларымен және басқа да құрылымдық бөлімдерімен өзара байланыстылығын көрсететін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

1.2. МСАҚДО дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады. МСАҚДО Университеттің проректорына-медициналық директорына тікелей бағынады. МСАҚДО өз міндеттеріне сәйкес шешім қабылдауда және іс-әрекеттерді жүзеге асыруда дербестікке ие.

1.3. МСАҚДО бас дәрігері Университет пен қызметкер арасында жасалған еңбек шартының негізінде қолданыстағы еңбек заңнамасында және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес Басқарма Төрағасының-Университет ректорының бұйрығымен немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

1.4. МСАҚДО өз қызметінде төмендегі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) Университет жарғысы;
- 2) Университеттің ұжымдық келісімі;
- 3) Ішкі еңбек тәртібі;
- 4) Ішкі оқу тәртібі;
- 5) ISO 9001:2015 халықаралық стандартымен, сапа менеджменті жүйесінің құжаттарымен (Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары, сапа жөніндегі басшылық, құжатталған сапа рәсімдері және т. б.) бекітілген;
- 6) ISO 37001 халықаралық стандартын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын;
- 7) Университеттің Сенат, Басқарма және Директорлар кеңесінің шешімдерін;
- 8) Жоғарғы тұрған басшының және Университеттің жоғары басшылығының бұйрықтары мен өкімдері;
- 9) ҚазҰМУ ПОҚ және жұмыскерінің ар – намыс кодекстарымен;
- 10) Медицина қызметкерінің Әдеп кодексімен;
- 11) Осы Ережені;

1.5. Осы Ереже МСАҚДО тікелей іс-қимыл құжаты болып табылады және бекітілген күннен бастап МСАҚДО барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Осы Ереже келесі сыртқы нормативтік құжаттар негізінде құрастырылды:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 5 беті	

- 2) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі №360 VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- 2.2. Осы Ереже мынадай ішкі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:
 - 1) «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ Жарғысы;
 - 2) Ұжымдық келісім-шарт;
 - 3) Университеттің ақылы қызмет туралы Ережесі;
 - 4) Ұйымдық құрылым;
 - 5) Университеттің штат кестесі.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

МСАК және диагностика орталығы – «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ құрылымдық бөлімшесі, оның мақсаты сапаны басқарудың заманауи стандарттарына сәйкес және клиникалық практиканың, білім мен ғылымның қазіргі әлеуетін интеграциялау жолымен Қазақстан Республикасының халқына сапалы, жоғары технологиялық, мамандандырылған жоспарлы, консультациялық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету болып табылады.

МАЗ-медициналық ақпараттық жүйе.

Сараланған еңбекақы - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемін және көрсетілетін медициналық көмек қызметтерінің сапасын орындағаны үшін МСАКДО қызметкерлеріне ынталандырушы қосымша ақы.

Жұмыс комиссиясы – Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітілетін алқалық-кеңесші орган, ол ақылы медициналық қызметтер көрсетуден алынған қаражат есебінен қосымша ақыларды, сондай-ақ МСАКДО қызметкерлеріне сараланған еңбекақы, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдерді белгілеу және бөлу жөніндегі функцияны орындайды.

ТМҚКК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі.

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

ЕТҚ – еңбекақы төлеу қоры.

КҚ – медициналық кеңес беру қызметі.

КДҚ – клиникалық-диагностикалық қызмет.

4. Ұйымдастырушылық құрылымы

4.1. МСАКДО ұйымдық құрылымы штаттық кестеге сәйкес функционалдық қағидат бойынша құрылған.

4.2. МСАКДО ұйымдық құрылымы "Ұйымдастыру- функционалдық құрылымы" 14-тармағында келтірілген.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 6 беті	

4.3. МСАҚДО құрамындағы құрылымдық бөлімшелердің қызметі осы Ережемен реттеледі.

4.4 МСАҚДО қызметін қолданыстағы еңбек заңнамасында және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен конкурстық комиссияның ұсынуы бойынша Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын МСАҚДО бас дәрігері басқарады.

4.5 МСАҚДО ағымдағы қызметіне басшылық жасауды Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын бас дәрігері МСАҚДО жүзеге асырады.

МСАҚДО құрамына кіретін МСАҚДО құрылымдық бөлімшелерінің (Офтальмология бөлімшесі, Стоматология бөлімшесі) жұмысын МСАҚДО бас дәрігер басқарады. МСАҚДО құрылымдық бөлімшелерінің барлық басшылары МСАҚДО бас дәрігеріне ұйымдастырушылық және функционалды түрде бағынады.

4.6. Қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі МСАҚДО ішіндегі міндеттерді бөлу Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіліп МСАҚДО қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен анықталады.

5. Мақсаттары мен міндеттері

5.1. МСАҚДО басты мақсаты - медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияға сәйкес Қазақстан Республикасының халқына медициналық қызметтер көрсету болып табылады.

5.2. Міндеттері:

- 1) Медициналық қызметтерге сұранысты тиімді қанағаттандыру, балалар мен ересектерге сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету;
- 2) Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде, медициналық көмек көрсету кезінде халыққа тегін медициналық көмек көрсетудің мемлекеттік кепілдіктері бағдарламасына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін ұсыну;
- 3) Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде медициналық көмекті ұйымдастырудың жаңа әдістерін жетілдіру және енгізу;
- 4) МСАҚДО жүзеге асыратын қызметте Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, медициналық көмек көрсету тәртіптерін және медициналық көмек стандарттарын сақтау;
- 5) Өз құзыреті шегінде Университет басшылығының басқарушылық шешімдерін дайындауға және орындауға қатысу;
- 6) МСАҚДО базасында білім беру процесін іске асыру;
- 7) Университеттің білім беру процесін жетілдіру, оның ішінде медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
- 8) Ғылыми-зерттеу қызметінің саласын кеңейту және ғылыми эзірлемелер мен жаңа технологияларды практикаға енгізу;
- 9) Университеттің жарғылық қызметін жүзеге асыру кезінде МСАҚДО қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығы мен мәдениетінің деңгейін арттыру;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 7 беті	

10) МСАҚДО құзыреті шегінде университеттің мақсаттарына сәйкес басқа да міндеттерді шешу;

11) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде талаптарын сақтау болып табылады.

6. Функциялары

6.1. Оқытудың заманауи әдістерін, медицина ғылымы мен практикалық денсаулық сақтау жетістіктерін пайдалана отырып, емдеу-диагностикалық, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру.

6.2. Ересектер мен балаларға білікті медициналық көмек көрсету, науқастардың алдын алудың, диагностикалаудың, емдеудің, оңалтудың жаңа әдістерін енгізу.

6.3. Профилактикалық жұмыстарды орындау (медициналық тексерулер жүргізу: алдын ала, мерзімді, профилактикалық, халықты вакцинациялау және т.б.).

6.4. Клиникалық конференциялар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, мастер-кластар ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ клиникалық зерттеулер жүргізуге қатысу.

6.5. Консилиумдар, дәрігерлік комиссиялар, медициналық қызметтің сапасын бақылау бойынша іс-шаралар өткізу.

6.6. Науқастардың алдын алудың, диагностикалаудың, емдеудің, оның ішінде медициналық ұйымдармен бірлесіп жобалар бойынша жаңа тиімді әдістерін әзірлеу, олардың сараптамалық бағалауын жүргізу. Университет және МСАҚДО атынан оқу-әдістемелік әзірлемелерді, ғылыми еңбектер құралдарын жариялау.

6.7. Өз қызметі аясы шеңберінде университеттің даму бағдарламасының стратегиялық бағыттары мен индикаторларын уақтылы орындау және оларды орындау бойынша, оның ішінде стратегиялық көрсеткіштер бойынша, стратегиялық мониторинг бөліміне сұрау салу бойынша ақпарат беру.

6.8. Университеттің сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесу (ескертулерді уақтылы жою, сыртқы / ішкі аудиттердің ұсынымдарын орындау және т.б.).

6.9. Университет басшылығын ықтимал немесе орын алған бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мүдделер қақтығысын шешу қағидалары, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері немесе инциденттер туралы және университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптары туралы хабарлар ету процесін қолдау.

6.10. Университеттің қатысуымен Медицина қызметкерлерінің Үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

6.11. Клиникалық база бейініне сәйкес медициналық қызметтер көрсету шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының білім алушыларын тәжірибеге бағдарланған клиникалық даярлау үшін қажетті жағдайлар жасау.

6.12. Ғылыми-педагогикалық кадрларды, клиникалық кафедралардың мамандарын және білім алушыларды МСАҚДО бөлімшелерінде білім беру, ғылыми, емдеу-

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1 20 беттің 8 беті	

диагностикалық процесті жүзеге асыруға жіберуді қамтамасыз ету, білім алушыларды емдеу процесіне жіберуге қолданыстағы заңнамамен (оның ішінде заң шығарушы органдардың бұйрықтарымен, СЭБД және т.б.) және/немесе науқастардың талаптарымен жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда.

7. Құқығы және өкілеттігі

7.1. МСАҚДО өз функцияларын орындау үшін қажетті барлық құқықтар мен өкілеттіктер беріледі:

- 1) Университетке түсетін құжаттар мен өзге де ақпараттық материалдарды танысу, жүйелі есепке алу және жұмыста пайдалану үшін өзінің қызмет бейіні бойынша алу;
- 2) Университеттің лауазымды тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелерінен өз міндеттері мен функцияларын орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алу;
- 3) МСАҚДО жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- 4) Университет басшылығына МСАҚДО қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, көтермелеу және жаза қолдану бойынша ұсыныстар енгізу;
- 5) МСАҚДО құзыретіне кіретін мәселелерді қарауға қатысу;
- 6) МСАҚДО жыл сайын бекітілетін тарифтік келісімге және Тапсырыс-тапсырмаға сәйкес Қазақстан Республикасының халқына тегін медициналық көмек көрсетудің мемлекеттік кепілдіктер бағдарламасын іске асыруға қатысады;
- 7) Университет басшылығынан немесе комплаенс қызметтен сыбайлас жемқорлыққа байланысты болуы мүмкін проблема немесе жағдай туындаған жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы кеңестер алу;
- 8) Университеттің басқаруына түсетін сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінен жоғары болуы туралы болжам бар кез келген операцияға қатысудан бас тарту туралы өтініш;
- 9) Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және мүдделер қақтығысын шешу қағидаларын бұзу немесе пара алу әрекеттерінің, нақты немесе болжамды жағдайларының бар екендігіне адал ниетпен немесе шынайы сенімділікпен жасалған хабарламаларға жіберу;
- 10) МСАҚДО құқығы мен өкілеттігін МСАҚДО бас дәрігері лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

8. Жауапкершілігі

8.1. МСАҚДО бас дәрігері жауапты:

- 1) МСАҚДО тиімді басқару;
- 2) құзырет бөлігінде қойылған нысаналы индикаторлар мен мақсаттарға қол жеткізу, сондай-ақ жүктелген лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, өз қызметі процесінде ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқық бұзушылықтар жасағаны үшін;
- 3) МСАҚДО құзыреті саласында туындайтын тәуекелдер;
 - МСАҚДО жабдықтар мен шығыс материалдарын (дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды) құжаттамалық ресімдеу және есепке алу тәртібі. Барлық

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 9 беті	

есептік құжаттаманы белгіленген тәртіппен, нысанда және белгілі бір мерзімде МСАҚДО жауапты тұлғасы бухгалтерияға тапсырады;

4) сапа менеджменті жүйесінің, университеттің сапа саласындағы саясатының және сапа саласындағы басқа да ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, мүдделер қақтығысын шешу қағидаларының, Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің, сеніп тапсырылған БК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде талаптарын сақтау.

8.2. МСАҚДО қызметкерлері белгіленген тәртіппен осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шарттарына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттердің сапасы мен уақтылы орындалуына дербес жауапты болады.

8.3. Тәртіптік комиссияның шешімі бойынша еңбек тәртібін бұзғаны, жүктелген Еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін МСАҚДО қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

8.4. МСАҚДО қызметкерлерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды өтеу тәртібі (бар болса) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

9. Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесуі

9.1. МСАҚДО өз қызметін жүзеге асыру барысында келесі құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасайды:

1) Қызметкерлерді есепке алу жөніндегі басқармамен және Заң департаментімен-еңбек құқығын қолдану, қызметкерлерді қабылдау, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару мәселелері, университеттің жергілікті нормативтік актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларын қолдану мәселелері бойынша;

2) Экономика және жоспарлау департаментімен, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментімен электрондық сауда-саттыққа қатысу, азаматтық-құқықтық шарттар жасасу, сатып алуды жүзеге асыру; еңбекке ақы төлеу, бухгалтерлік (салықтық) есеп және есептілік мәселелері бойынша, ақша қаражатының қозғалысы мәселелері бойынша; клиниканың қаржылық қызметін реттейтін жергілікті актілерді қабылдау кезінде; Қаржы-шаруашылық қызмет жоспарына өзгерістер жасау және енгізу, бірыңғай штат кестесіне сатып алу жоспары-кестесі; бақылаушы органдарға ұсынылатын есептілікті жасау; ақылы медициналық қызметтерге, медициналық Технологиялық карталарға және МСАҚДО экономикалық қызметін және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді реттейтін басқа да мәселелер бойынша преysкурant қалыптастыру;

3) Ұйымдастыру техникасын, сондай-ақ өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату, сүйемелдеу мәселелері бойынша цифрландыру департаментімен;

4) МСАҚДО міндетті түрде және белгіленген мерзімде заң Департаментінің және университеттің өзге де өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдық бөлімшелерінің

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 10 беті	

олардың құзыретіне сәйкес ауызша не жазбаша сұрау салуы бойынша құжаттар мен ақпаратты ұсынады.

10. Жұмыс комиссиясы

10.1. Жұмыс комиссиясының құрамы, оның ішінде оның Төрағасы жетекшілік ететін проректордың-медициналық директордың өтініші негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Жұмыс комиссиясы МСАҚДО мен Экономика және жоспарлау, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің қызметкерлерінен тұрады.

10.2. Жұмыс комиссиясының отырысы ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін өткізіледі және сараланған еңбекақы, үстемеақылар және ынталандырушы сипаттағы басқа да төлемдер мәселелерін қарауға арналған. Жұмыс комиссиясының жоспардан тыс отырысын өткізуді университеттің немесе МСАҚДО персоналының мүдделері талап ететін кез келген жағдайларда жұмыс комиссиясының төрағасы мен оның мүшелері бастамашылық ете алады.

10.3. Жұмыс комиссиясының күн тәртібін оның төрағасы МСАҚДО басшылығынан және жұмыс комиссиясы мүшелерінен түскен ұсыныстарды ескере отырып бекітеді.

10.4. Басқарма төрағасы-университет ректоры және қаржы директоры МСАҚДО қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге қатысты кез келген мәселені жұмыс комиссиясының қарауына енгізуге құқылы.

10.5. Қаралатын мәселелер бойынша шешімді Жұмыс комиссиясы қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы жұмыс комиссиясының төрағасына тиесілі болады.

11. Ақылы медициналық қызметтер

1.1. Орталық қызметкерлеріне: Әкімшілік персоналға, 1-санаттағы өндірістік персоналға, өндірістік персоналға, қосалқы персоналға, Медициналық және басқа да медициналық емес персоналға ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат есебінен қосымша еңбекақы төленуі мүмкін.

1.2. Ақылы медициналық қызметтерді Орталық университеттің жарғылық қызметіне және осы Ережеге сәйкес, бекітілген баға прейскурантына сәйкес университет белгілейтін бағалар мен тарифтер бойынша, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда белгіленген бағалар бойынша көрсетеді.

1.3. Осы Ереже жұмыс комиссиясының хаттамасына қоса берілетін 1 және 2-қосымшаларды қамтиды. 1-қосымша орталықтың мынадай қызметкерлеріне қолданылады: әкімшілік персонал, 1-санаттағы өндірістік персоналға, өндірістік персоналға; 2-қосымша қосалқы персоналға, медициналық персоналға (бөлімше меңгерушілері, дәрігерлік персонал, зертхананың аға маманы, зертхана маманы, бас мейірбике/аға, аға фельдшер-зертханашы, орта медициналық персонал, фельдшер-зертханашы, диеталық мейірбике, орта медициналық персонал, аға зертханашы, шаруашылық бикесі, зертханашы, кіші медициналық персонал) және өзге де

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 11 беті	

медициналық емес персонал (ойын терапевті, дефектолог, еңбек терапевті, музыка терапевті, әлеуметтік педагог, логопед, сурдопедагог, психолог).

1.4. Орталықтың әкімшілік персоналына, 1-санаттағы өндірістік персоналына, өндірістік персоналына, қосалқы персоналына еңбекақы төлеу комиссияның жоғарыда аталған жұмыскерлер санаттарына осы Ереженің 1-қосымшаның негізінде орталықтың ақылы медициналық қызметтерінен түсетін кірісінің жалпы сомасының 1% бөлу туралы шешіміне сәйкес ай сайын жүргізіледі.

1.5. Орталық қызметкерлеріне - медициналық персоналға және өзге де медициналық емес персоналға еңбекақы төлеу осы Ереженің 2-қосымшаның негізінде ай сайын жүргізіледі, бұл ретте ақылы қызметтер көрсетуден түскен табыс комиссияның шешіміне сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

1) консультациялық қызметтер көрсеткен дәрігерлерге (оларға психологтар, сурдопедагогтар, логопедтер, ПОҚ қызметкерлері және өзге де медициналық емес персонал теңестіріледі) қызметкерден ұстап қалуға жататын және жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып, жеке табыстың 40 % төленеді;

2) клиникалық-диагностикалық қызметтер (УДЗ, ЭКГ) көрсеткен дәрігерлерге (оларға психологтар, ПОҚ қызметкерлері теңестіріледі) қызметкерден ұстап қалуға жататын және жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып, жеке табыстың 30 % төленеді;

3) қымбат тұратын жабдықта (ФГДС, КТ, МРТ, рентген және басқа да қызметтер) клиникалық-диагностикалық қызметтер көрсеткен дәрігерлерге қызметкерден ұстап қалуға жататын және жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып, дәрігердің жеке табысының 10% төленеді;

4) орталықтың бас дәрігерінің есебі және медициналық ақпараттық жүйеден есепті түсіру негізінде консультациялық және консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсететін дәрігерлерге, операцияларға, сақтандыру компанияларының клиенттеріне преискурент бойынша төленетін ақы көрсетілген медициналық қызметтердің 15% мөлшерінде төленеді;

5) күрделілігі әртүрлі санаттағы хирургиялық операцияларды жүргізгені үшін дәрігерлерге және операциялық бригадалардың құрамына кіретін реанимациялық қызметтер көрсеткені үшін анестезиолог дәрігерлерге, реаниматологтарға қызметкерден ұстап қалуға жататын және жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып, қызметтер құнының 25% төленеді.

6) Стационарлық, стационарды алмастыратын қызметтер көрсететін дәрігерлерге (оның ішінде биологиялық терапия) қызметкерден ұстап қалуға жататын және жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып, пациент төсек-күн өткізген құнының 30% төленеді;

7) кеңестік, клиникалық-диагностикалық қызметтер мен операциялар көрсеткен офтальмология бөлімшесінің қызметкерлеріне қызметкерден ұстап қалуға жататын және жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып, бөлімшенің жалпы табысының 19% төленеді. Бөлімше меңгерушісі Жұмыс комиссия келісімімен бойынша экономика және жоспарлау Департаментіне және

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 12 беті	

бухгалтерлік есеп және есептілік Департаментіне бөлімше қызметкерлері арасында еңбекақы төлеуді бөлу туралы хаттаманы ұсынады;

8) кеңестік, клиникалық-диагностикалық, стоматологиялық қызметтер көрсеткен орталықтың стоматологиялық бөлімшесінің стоматолог-дәрігерлеріне қызметкердің жеке табысының 35%, рентгенолог-дәрігерге жеке табысының 10%, тіс техника-жеке наряд негізінде орындалған жұмыс көлемінің 20% төленеді. Орта және кіші медициналық персоналға, қосалқы персоналға – стоматологиялық бөлімше табысының 10% ;

9) бекітілген баға прейскурантына (06.02.2023 жылғы №2 «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ Басқарма отырысының хаттамасынан үзінді) сәйкес стоматологиялық қызметтер құнының 20 % мөлшерінде стоматологиялық қызметтер көрсету: кеңес беру, тістерді қарапайым емдеу; тістерді қарапайым жұлу. Адамдардың осы санатына мыналар жатады: ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар (куәлікті көрсеткен кезде); I, II топтағы мүгедектігі бар адамдар (куәлікті көрсеткен кезде); жасы бойынша зейнеткерлер (зейнетақы куәлігін көрсеткен кезде); Университет қызметкерлері; Университет білім алушылары (студенттік билетті көрсеткен кезде);

10) Қалпына келтіру терапиясы және оңалту бөлімшесінің қызметкерлеріне (дәрігердің ақылы кеңестік қызметтер көрсетуден түскен табысынан басқа) - қызметкерден ұстап қалуға жататын және әрбір қызметкердің салымына байланысты жұмыс беруші төлейтін салықтарды қамтымайтын салықтарды ескере отырып табыстың 20% және меңгеруші айқындайды;

11) Орталық табысының жалпы сомасының 10% салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып (Офтальмология, Стоматология бөлімшесінің, клиникалық-диагностикалық зертхананың, қалпына келтіру терапиясы және оңалту бөлімшесінің ұқсас қызметкерлерін қоспағанда) орта, кіші медициналық, өндірістік, өзге де медициналық емес/көмекші персоналға ақылы қызметтер көрсету кезінде қатысу үлесіне қарай бөлінеді жұмыс комиссиясының хаттамасымен жасалған құрылымдық бөлімше басшысының ұсынысы негізінде.

12) Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын, анықтамалар мен медициналық кітапшаларды ресімдегені үшін қосымша ақы төленбейді.

12. Сараланған қосымша ақы

12.1 Кредиторлық берешек, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мен Санкциялар және санитариялық - эпидемиологиялық бақылау қызметі тарапынан айыппұлдар мен санкциялар, көрсетілетін қызметтердің сапасына пациенттердің шағымдары болмаған кезде Орталық қызметкерлеріне жетекшілік ететін проректордың шешіміне сәйкес тоқсан сайын еңбекақы төлеуге көзделген қаражатты үнемдеу есебінен сараланған қосымша ақы төленеді.

12.2 Сараланған қосымша ақыға жіберілетін қаражат сомасы ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтер көлемдерінің тоқсан сайын

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 13 беті	

орындалуы туралы есептің нәтижелері бойынша университет Басқармасының шешімімен айқындалады.

12.3 Нәтижеге қол жеткізудегі қызметкердің еңбек үлесі сараланған қосымша ақы төлеу үшін Орталықтың қызметі КРІ индикаторларына және қызметкерлерді бағалаудың мынадай критерийлеріне қол жеткізу негізінде айқындалады:

- 1) көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- 2) жұмыс көлемін орындау;
- 3) жұмыстың сапасы мен нәтижелілігі;
- 4) ресурстарды пайдалану тиімділігі;
- 5) белгілі бір күнтізбелік уақыт ішінде жеке де, ұжымдық та маңызды және жауапты жұмыстарды орындау;
- 6) еңбек тәртібі;
- 7) науқастарды қанағаттану деңгейі;
- 8) есептік-есептік құжаттаманы сапалы жүргізу.

12.4.Сараланған төлем КРІ индикаторларына қол жеткізуге байланысты 3 деңгей бойынша жүргізілуі мүмкін:

- 1) 1 деңгей-негізгі жалақының 25% – КРІ индикаторларына 100% қол жеткізу.
- 2) 2 деңгей-негізгі жалақыдан 50% – 100% КРІ индикаторларына қол жеткізу және жалпы нәтижеге әсер ететін қосымша жұмыс көлемін орындау.
- 3) 3 деңгей – негізгі жалақының 75% – 100% КРІ индикаторларына қол жеткізу, қосымша жұмыс көлемін орындау және қызметкерлердің Орталық брендині ілгерілетуге қосқан елеулі үлесі, кірісті ұлғайту, диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін енгізу және т. б.

12.5. Қызметкерлерге сараланған қосымша ақы төлеу туралы шешімді комиссия есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей қабылдайды, ол комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және тиісті бұйрық шығару үшін Орталықтың кадр қызметіне беріледі.

12.6. Бөлімшелердің қызметкерлеріне көтермелеу туралы құрылымдық бөлімшелердің басшылары қалыптастырады, олар өздерінің қарамағындағы қызметкерлердің көрсетілетін қызметтерінің көлемі мен сапасына қол жеткізуін тікелей бақылауды жүзеге асырады.

12.7. Қызметкер құрылымдық жағынан тыс болған жағдайда бөлімшелер, сондай-ақ Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына ұсынымды бас дәрігердің орынбасары қалыптастырады.

12.8. Қызметкерлерге сараланған қосымша ақы қарастырылып отырған кезең үшін қосымша ақы бөлігінде төленбейді:

- 1) қызметкерде алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;
- 2) бір айдан аз жұмыс істегендерге;
- 3) қоса атқаратын жұмыстарды орындайтын;
- 4) бала күтімі бойынша демалыста, оқу демалысында, кезекті еңбек демалысында болған күндерге, жалақысы сақталмайтын демалыста ағымдағы тоқсанда екі аптадан астам болған кезең үшін;
- 5) ағымдағы тоқсанда екі аптадан артық еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 14 беті	

6) сыртқы және ішкі аудит, мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар болған кезде.

12.9. Жауапкершілік Комиссия төрағасына, бас дәрігердің орынбасарына, құрылымдық бөлімшелер басшыларына сараланған еңбекақыны дұрыс және әділ есептеу бойынша жүктеледі.

12.10 Өзіне қатысты сараланған қосымша ақыны есептеу бойынша келіспеген жағдайда қызметкер орталықтың бас дәрігеріне шағым беруге не заңнама шеңберінде комиссияның шешіміне шағым жасауға құқылы.

13. Қорытынды Ережелер

13.1. Осы Ережеде университеттің жалпы құрылымындағы МСАҚДО құқықтық жағдайын және оның қызмет аясын реттейтін негізгі нормалар ұсынылған, олар университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесінде белгіленген тәртіппен шығарылған ішкі нормативтік құжаттармен және университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-өкімдік актілерімен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

13.2. МСАҚДО Директорлар кеңесінің шешімі негізінде қайта құрылымдалады.


13.3. Университеттің жалпы штаттық кестесіне кіретін МСАҚДО штаттық кестесі университет Басқармасының шешімімен келісіледі және бекітіледі. Ұсыныстарды проректордың-медициналық директормен келісімі бойынша бас дәрігер енгізеді.

13.4. Университеттің жалпы штат кестесіне кіретін МСАҚДО штат кестесі университет Басқармасының шешімімен келісіледі және бекітіледі. Ұсыныстарды жетекшілік ететін проректордың келісімі бойынша Пшоп бас дәрігері енгізеді.

13.5. Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы МСАҚДО бас дәрігерге жүктеледі, ол оны МСАҚДО бағынысты қызметкерлері мен мүдделі лауазымды адамдарына жеткізуді, Ереженің орындалуын және уақтылы өзектендірілуін бақылауды қамтамасыз етеді.



14. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығының ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымы



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1	
		20 беттің 16 беті	

Қосымша 1
Жұмыс комиссиясы хаттамасына № _____
_____ 202_ ж.

Қызметкерлерге ынталандыру сипатын төлеу _____ (Орталық атауы)
_____ (айы) 202_ жыл

№	Аты-жөні	Қызметі	Табыстың жалпы сомасының 1%, теңге	Төлем сомасы, теңге
1				
2				
...				
	БАРЛЫҒЫ			

Жұмыс комиссиясының Төрағасы
Орындаушы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1 20 беттің 17 беті

Қосымша 2
Жұмыс комиссиясы хаттамасына № _____
_____ 202_ ж.

Дәрігер персоналына ынталандырушы сипаттағы қосымша ақыларды есептеу _____ көрсетілген ақылы медициналық қызметтер үшін Орталықтың _____ 202_ жыл

№ р/с	Аты-жөні	Дәрігердің мамандануы (бөлімшенің атауы)	Консультациялық қызметтер		Клиникалық-диагностикалық қызметтер (УДЗ, ЭКГ, рентген және т.б.). Стационарлық және стационарды алмастыратын қызметтер (оның ішінде биологиялық терапия)		Хирургиялық оталар мен реанимациялық қызметтер үшін		Қымбат жабдықтағы клиникалық-диагностикалық қызметтер (рентген, ФГДС, КТ, МРТ)		Дәрігердің жалпы табысы	Дәрігерге қосымша ақы
			кіріс	Дәрігер табысының 40%	кіріс	Дәрігер табысының 30%	кіріс	Дәрігер табысының 25 %	кіріс	Дәрігер табысының 10 %		
1												
2												
....												
БАРЛЫҒЫ:												

Офтальмология бөлімшесінің қызметкерлеріне ынталандырушы сипаттағы қосымша ақыларды есептеу

Бөлімше кірісі _____ 202_ жыл: _____ тенге

№ р/с	Қызметкер аты-жөні	Қызметі	Төлем сомасы (бөлімше табысының 15%), тенге
1			
2			
3			
...			
	БАРЛЫҒЫ:		

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және диагностика орталығы туралы Ереже	Редакциясы: 1
			20 беттің 18 беті

**Стоматологиялық бөлімше қызметкерлеріне ынталандырушы сипаттағы
қосымша ақыларды есептеу**

Бөлімше кірісі _____ 202_ жыл: _____ тенге

№ р/с	Қызметкер аты-жөні	Қызметі	Кіріс, тенге	Төлем сомасы (стоматолог дәрігердің табысының 35%), теңге	Төлем сомасы (рентгенолог дәрігердің табысынан 25%), теңге	Төлем сомасы (тіс техникасы табысының 20%), теңге
1						
2						
...						
	БАРЛЫҒЫ:					

**Сақтандыру компанияларының клиенттеріне көрсетілетін қызметтер үшін
дәрігерлерге ынталандырушы сипаттағы қосымша төлемдерді есептеу**


Кіріс _____ 202_ жыл: _____ тенге

№ р/с	Қызметкер аты-жөні	Қызметі	Кіріс, тенге	Төлем сомасы (табыстың 15%), теңге
1				
2				
...				
	БАРЛЫҒЫ:			

**Кезең ішінде ақылы медициналық қызметтер көрсету есебінен ЖМК, КМК,
өзге де медициналық емес және қосалқы персоналға ынталандырушы
сипаттағы қосымша ақыларды бөлу _____ 202_ жыл**

№ р/с	Қызметкер аты-жөні	Қызметі	Сомма, тенге
1			
2			
...			
	БАРЛЫҒЫ:		


Жұмыс комиссиясының Төрағасы
Орындаушы



Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және
диагностика орталығы туралы Ереже

20 беттің 19 беті

[illegible]



Медициналық-санитарлық алғашқы көмек және
диагностика орталығы туралы Ереже

20 беттің 20 беті

[illegible]